

АЙҚЫН

Кең дүниені кемел сөзбен жырлаған

Кеңшілік ақын жайлы аз жазылған жоқ. Тіпті, көп жазылды десе де болғандай. Бірақ сол көп жазылған сайын ақынның шын жүрек сыры – мөп-мөлдір поэзиясы маған қалың кеп – көп сөздің көлеңкесінде қалып қойғандай көрінетіні бар.



Бәлкім, мен қатты қателесіп те отырған шығармын. Бірақ көбіне-көп мына жұрттың Кең ақынның өлеңінің өзін емес, оның түсіндірмесін оқумен шектеліп жүргендей көрінетіні бар кей-кейде...
Өз басым студент күнімде Кеңшілік ақынды тірідей бір-ақ рет көріппін. 1986 жылы, күз айы, Жазушылар одағының астыңғы қабатында орналасқан «Жалын» журналының редакциясы маңында, оқшау, жалғыз тұр екен. Әйтеуір таңырқай қарап, қол беріп амандасқаным есімде. Таңырқай қараған себебім, неге екенін, ақынның бет-жүзі тым-тым қызыл шырайлы екен, маған тіпті ол... қызыл алмадай болып көрінді. Бұл тұңғыш әрі соңғы көруім болғандықтан ба, Кеңшілік ақын есіме түссе, алқызыл жүзі ерекше алабұртып тұрған ақынның сол нарттай кейпі көз алдыма тұра қалады. Ақсары жүзіне теуіп шыққан ақындық алапат энергия ма, әлде мына күнәлі дүниенің сыздаған барлық жарасын арқалаған ар-ұяттан ба, әйтеуір ақын маған алай-дүлей өрт кешіп тұрғандай болып көрінген.

Кеңшілік ақын сол мен көргенде қылшылдаған қырық жаста екен-ау. Сахнада бір рет болса да арындап өлең оқығанын көре алмай арманда қалдық. Содан үш жылға жетпей, бар-жоғы 43 жасқа қараған шағында өмірден асығыс өте барған. Тірі болғанда биыл 70 жасқа толар еді. Өмірден өткелі де, міне, отыз жылға жуықтап қалды. Біз үшін елес қана болып қалған сол Кеңшілік ағамызды көрнекті ақынның бала кезден бірге өскен досы, журналист, әдебиеттанушы Жұмат ӘНЕСҰЛЫ төмендегіше еске алады:

– Алғаш рет Кеңшілікпен бес-алты жасымда танысқан едім. Содан достасып кеттік. Дос болғанда қандай, ауылдағы он бес шақты бала таңертеңнен кешке дейін бас қосатын жеріміз де бір, ойнайтын жеріміз де бір болатын. Кеңшіліктің әкесі Ағытай мен шешесі Мәркүл сол кездері әрі кетсе, отыздан ғана асқан кезі. Ағытай соғыс кезінде басынан жараланып келген, көп үндемейтін кісі еді. Кеңшіліктің сөзшеңдігі, арсаландап тұратын мінезі анасына тартқан, Мәркүл апай екі бетінің ұшы қызарып тұратын аппақ, сөзшең келіншек болатын. Кеңшіліктің туған жері осы Түйемойнақ, әкесінің қыста қыстайтын жері Көртоғай, жазда Түйемойнақтың шетіндегі қарасудың жанына киіз үй тігіп отыратын.

Түйемойнақ кезінде Киров колхозының орталығы болған. Тұрған жерінің табиғаты өте керемет, мұндай әдемі жерді Торғай облысының басқа жерінен табу мүмкін емес. Түйемойнақ ауылы Тосын құмының ортасына орналасқан. Тап ортасынан Торғай өзені кесіп өтеді. Тосын құмының осы жерден бөлінген екі жағы да қалың тоғай, жиде, үнемі жап-жасыл болып тұратын арша, тобылғы, итмұрын, ақши, жусан, жалбыз, шағырдан көз сүрінуші еді. Әсіресе, көктем кезінде гүлдейтін жиде, итмұрынның көріністері ерекше ғажап еді.

Ақын туып-өскен айтулы Тосын құмының шетін көлбеп көгілдір Көшек тауы жататын. Оның жанында кезінде Кеңшілік жырлаған «Сарыөзек Сандықбидайық» жатыр. Нағыз ақынды топырағы қасиетті жері туғызады, сөз қадірін асырған елі туғызады. Ақын Кеңшілік Мырзабеков өзінің туған елін де, жерін де өлеңмен даңқын асырып, поэзия көгінің биігіне іліп кетті.

Кеңшілік бала кезінен ақын мінезді, арқалы еді. Оның балаң шағындағы есінде қалған бір әдемі суреттері оның өлеңдерінде де қылаң беріп қалады. Кеңшіліктің сол бала кезінен ақындық сезімі, ақындық мінезі байқалып қалушы еді. Ол ақын болуды, елінің белгілі азаматы болуды сол бала кезінен армандаған. Біз айтып отырған арманын Кеңшілік ақын сәл кейінірек «Келеді өсіп бір бала» атты өлеңінде: «...Алыста алыс, алыс бір

сондай түкпірде,

Соғыстан соңғы тіршілікпенен

жұп бірге.

Келеді өсіп, келеді өсіп бір бала,

Арманға жетем түбінде, түптің түбінде!

деп жырлап еді. Арман жыр, жыр арман уақыт өте келе орындалды, Кеңшілік Мырзабеков жиырма жасында елге танылған ақын болды. Ақын болғанда, қандай, ерекше мәнерімен, айрықша нақышта өлең жазған қазақ поэзиясында өз жолын тапқан ақын болды. Кеңшілік Мырзабеков – табиғат, махаббат, азаматтық лирикалары, балладалар, поэмалар жанрын биікке көтерісуге зор үлес қосқан ақын. Кеңшілік поэзияның кез келген жанрында сөзді сазбен илейтін ақын десек, Кең ақын үшін ол да аз. К.Мырзабеков сөз құдіретін, қасиетін оқырманына ерекше көркем, қазақы тілмен жеткізе білген ерекше дарынды ақын еді десек лайық болар. Оған Кеңшіліктің шығармашылығы туралы кең талдап, екшеп көрсеткен қазақтың белгілі ақын-жазушыларының сөздері куә.

Кең ақын шығармаларының басты кейіпкерлері – біз сияқты өзінің тұстастары, замандастары, соғыс кезінде еңбектерімен ерлік көрсеткен қыз-келіншектердің аяулы тағдырлары, сонау 45-65-жылдар арасындағы қазақ өмірінің жан шымырлатар суреттері, табиғаты. Кеңшілік екеуміз бала кезден бірге өстік, есейген кезде де достығымыз, аралас құраластығымыз үзілген жоқ. Бірақ екеуміздің мінезімізде онып тұрған жоқ, әркім өзінше қисық еді. Төбелесіп, сөзге кеп қалған кезіміз де болды. Ол оқиғалар туралы ақын Серік Тұрғынбеков аңызға бергісіздей (әзіл ретінде) біраз әңгіме айтады.

Осыған орай Кең ақынның «Мінез» атты өлеңінің:
«...Ей, досым,!

Жүз шайысып қалысармыз,

Тобық қағып,

аяқты шалысармыз,

«Ер шекіспей, бекіспес»

деген сөз бар,

Бір болса мақсатымыз,

табысармыз!»

деп аяқталатынын айта кетейін.

Кең ақын 70-жылдардың орта кезінде республикалық баспаларда жарық көрген өлеңдерінің ерекше айшығымен, қазақы өрнекті ерек мәнерімен оқырмандар назарына ілігіп, құрметіне ие болған. Сол кезде Шөмішбай ақын айтқандай, Кеңшілікке еліктеп өлең жазушылар да көбейген.

«Кеңшілік поэзиясының артықшылығы неде?» деген сұрақ туа қалған жағдайда, ол ешкімге ұқсамайтын, өзіндік нақышты көркем стилі бар, лирика жанрында да, баллада, поэма жанрларында да «шашасына шаң жұқтырмас тұлпар» еді десек, қателеспес едік. К.Мырзабековтің шығармашылығындағы жетістіктері мен алған биіктері туралы біраз жазылғанын жоғарыда айттым. Соны қайталап жатсам, оның оқырманға қызығы болмас.

Дегенмен, К.Мырзабековтің балладаларды өзіміз түгілі шетел поэзиясынан да кездестіру қиын. Қазақ поэзиясында баллада жанрының негізін қалаушылардың бірі ақын Қайнекей Жармағанбетов еді. Одан кейін де баллада жанрын дамытуға үлес қосқандар болды. Кеңшілік Мырзабековтің балладаларындай кесек, көркем дүниені, кешегі күні ғана емес, қазірдің өзінде кездестіру қиын. Өйткені Кеңшіліктің кез келген балладалары поэзиядағы гаухар тас іспетті. Оларды қалай оқысаң да бауырыңды езілтіп, жаныңды шиыртып отырар еді. Басты себебі, Кең ақынның өлеңдерінен Сарыарқаның жусанының иісіндей қазақы иіс, текеметінің оюларындай қазақы иін жүрегімізді баурап алатындығында. Солардың ішіндегі «Ақкөйлек», «ФЗО-ға кеткен жеңешем», «Көшу», «Боз бие», «Жолда» тәрізді көптеген балладалары асылдың жамбысы тәрізді жолы, нақышы, өрнегі бөлек шығармалар еді. Бұл балладаларға кезінде талай мақтаулар айтылған, солай десек те, «Төлеутайдың төрт қызы» атты баллада бір отбасының ғұмырлық драмасын шынайы сипаттаған үлкен полотно тәрізді. Бұл балладаның басты ерекшелігі, оқырман сол отбасында болып жатқан оқиғалардың ортасында бірге жүріп, солардың күйігі мен қуанышына ортақ болып жүргендей әсер қалады.

«Жолда» атты балладасының да тарихы терең. Бұл балладаны Кеңшілік жиырмадан жаңа асқан кезде жазып еді. Бұл баллада өгіз арба мен баланың жолдағы оқиғасына арналған. Балладаны биікке көтеріп тұрған қазақы көркем тілі мен ақынның суреткерлік шеберлігі. Бұл «Жолда» атты балладаны Кең ақын 1971 жылы Лениннің туған күніне арналған жыр кешінде оқығаны да бір тарихи оқиға еді.

Басқа ақындар көсемге арналған өлеңдерін оқып жатқанда, Кеңшіліктің «өгіз» туралы өлең оқуы, былай қарағанда ақылға сыймайтын оқиға еді. Бұл оның мінезділігінен еді. Кең ақынның балладалары туралы осындай ұзақ әңгіме айтуға болады, өйткені ақынның шығармашылық шабыты, дарыны, арқасы ернеуіне сыймай жатқан теңіздің буырқанған толқынымен ғана салыстыруға болады.

1987 жылы Кең ақын «Мәдениет және тұрмыс» журналының тапсырмасымен Арқалық қаласына келді. Қолында «Көкшетау правдасы» деген газеттің бір нөмірі бар еді. Сонда Кеңкеннің «Біржан сал. Қоянды жәрмеңкесі» атты дастаны шыққан екен.

Кешке біздің үйде қонып, ертеңіне обкомға келді. Ол кезде облыстық обкомның бірінші хатшысы Көкшетаудан келген Қуанышев деген кісі еді. Кең ақын соның қабылдауына кірді. Шыққаннан кейін сұраймын ғой: «Қалай болды?» деп. «Біраз отырып әңгімелестік, дастанымды көрсеттім, мақтады» деді. Бірақ бұл әңгімеге көп тоқталмады, шамасы, обком басшысымен кездесу

ойындағыдай болмаған. Мәселе, обком хатшысының шығармашылыққа көзқарасында емес, әңгіме, сол кезеңде дарыны бөлек ақынның «Біржан сал. Қоянды жәрменкесі», «ФЗО-ға кеткен жеңешем», «Иманжүсіп» дастандары тәрізді асыл да, кесек дүниелерді қазақ поэзиясының төріне шығаруы еді. Аталмыш поэмалар тумысынан дара ақын Кеңшілік Мырзабековтің қазақы айшықты, көркем тілмен кестелеген, түйіндеген, сомдаған ұлы ескерткіші тәрізді.

Алдағы 17 қазан күні Алматы қаласында сағат 17.00-де Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында аса көрнекті ақын, Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлықтың лауреаты Кеңшілік Мырзабековтің 70 жылдығына арналған еске алу кеші өтеді. Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы ұйымдастырып отыр. Кеште ақын өлеңдері оқылып, театрландырылған көріністер қойылып, қазақ эстрадасының жұлдыздары ән шырқайды.

Төреғали ТӘШЕНОВ